

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 22 қараша N 46-I

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2676 Z952676\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 143-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

3 5 - б а п т а :

бірінші абзац "азаматтарға" деген сөзден кейін "бұрын жоғары одақтық атақтар мен наградаларға ие болған, 1996 жылдың 1 қаңтарынан кейін зейнет жасына келген азаматтарға" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын;

" - "Халық қаһарманы", "Кеңес Одағының батыры" атағын алғандарға, үш дәрежелі Даңқ орденінің иегерлеріне - 60 процент;

- "Социалистік Еңбек Ері, "Отан", үш дәрежелі Еңбек даңқы ордендерінің иегерлеріне - 40 процент".

2-бап. Осы Заң 1996 жылғы қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті